

## Дебат пікірсайысы

2017 жылдың 13 қазанда «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастырушы мүшелерімен дебат – пікірталас ойыны өтті. Студенттер екіге бөлініп, даттаушы және жақтаушы болды.



Өзекті етіп қойылған тақырып «Сыбайлас жемқорлықпен ұсталған азаматтардың туған-туыстары отставкаға кету керек пе, жоқ па?» деген мәселе қозғалды. Студенттер өз дәйектемелері мен дәлелдерін келтіре отырып, барынша ойларын сауатты түрде жеткізуге тырысты.



Колледж студенттерін дебат-пікірталасы өте қатты қызықтырды. Өз тілектерін білдіріп, осылай шешен сөйлеуге, білімдік дәрежесін барынша көтеруге ынталы студенттер де болды. Бұл сайыс студенттерді үлкен әсерге бөлеп, мәдениеттілікке, сыпайылыққа, шынайы сөйлеуге үйретті.



Екі топтан спикерлер дайындалып, өз ойларын анық әрі дәл жеткізді. Қатысушылар статистика келтіре отырып, барынша өз позицияларын қорғап шықты. Ең бастысы студенттер сыйластық пен сөйлеу мәдениетін сақтай алды. Тіл тазалығын сақтай отырып, проблемалық мәселе етіп қойылған тақырып жақсы ашылып, уақытты ойыншылар тиімді жұмсап, соңында талқылаулар болып, дебат жоғары деңгейде өтті. Дебат соңында қатысушыларға грамоталар таратылып, «ең үздік дебат ойыншысы» номинациясы берілді.



Студенттер естелікке суретке түсіп, бірнеше керекті жаңа ақпараттарды жинап қайтты.

«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» атты тақырыпта 1-курс студенттері видеоролик дайындауы тиіс. Орындалатын талаптар:

1. Студенттің өзіндік көзқарасы, позициясы анық көрінуі тиіс;
2. Тақырыптың барынша ашылуы тиіс;
3. Актерлік шеберлігін барынша көрсету;
4. Ұзақтылығы 2-3мин;
5. Куратордың қатысуына немесе үлес қосуына болады.

Өткізілу мерзімі: 18.10.2017 сағ 12:00